

## М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

### Хаттама № 3

BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша AstanaHub E-lab модулі арқылы құрал-жабдықтар сатып алуға арналған бағалық ұсыныстарды қарастыру туралы сатып алу комиссиясының отырысы.

30.10.2025 ж.

Өткізу күні: бас ғимарат, 208 кабинет

Өткізу уақыты: 16:00.

1) Құрамында сатып алу комиссиясы қатысты (сатып алу комиссиясын құрудың 03.10.2025 ж. № 013-449 бұйрығы негізінде): 7 қызметкер, оның ішінде қатысқандар 6 қызметкер; К.М. Ахмеденов - комиссия төрағасы, Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор; М.Г. Какишев - ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің басшысы; У.Г. Бактыгереева - бас есепші; А.С. Мухсинов – Заңгер; Т.М. Елеусінов - компаенс-офицер; Т.Е. Дарбаева – бағдарлама жетекшісі, Н.Е. Жангереева– Мемлекеттік сатып алу және материалдық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы; қатыспағандар 1 қызметкер: Т.М. Елеусінов - компаенс-офицер - себепті.

2) Отырыс хатшысы: әкімшілік бөлімінің хатшысы А.Б. Охас.

Мақсаты: BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша AstanaHub E-lab модулі арқылы құрал-жабдықтар сатып алуға мәселесін қарастыру.

#### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша AstanaHub E-lab модулі арқылы SaluS Pro секвенирлеу жүйесін сатып алу бойынша бағалық ұсыныстар қарастыру туралы.

2. BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша AstanaHub E-lab модулі арқылы топырақтағы портативті CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O газ анализаторын сатып алу бойынша бағалық ұсыныстар қарастыру туралы.

Тыңдалды: Т.Е. Дарбаева – бағдарламаның ғылыми жетекшісі, BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша құны он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын жабдықтарды сатып алу E-lab пайдалана отырып жүргізілетінін айтты. Сөз кезегін бағдарламаның жауапты орындаушыға берді.

М.Г.Какишев – бағдарламаның аға ғылыми қызметкері, жауапты орындаушы, ғылыми бағдарлама бойынша SaluS Pro секвенирлеу жүйесін және топырақтағы портативті CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O газ анализаторын сатып алуға қажеттілігімен комиссия мүшелерін таныстырды. Ғылыми бағдарлама бойынша AstanaHub E-lab модуліне хабарландыру орналастырылғанын атап өтті. Құрал-жабдықтарды сатып алу туралы хабарлама AstanaHub сайтына ілінді. “Salus PRO” жаңа буындағы секвенирлеу әдісімен нуклеин қышқылдарын секвенаторын сатып алу жөніндегі хабарландыру бойынша баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 24 қазан, сағат 18:00-ге дейін ал, келесі жабдық “LI-COR (АҚШ) өндірісінің LI-870 үлгісіндегі топырақтағы CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O портативті газ талдағышын сатып алу туралы хабарландырудың да баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 24 қазан, сағат 18:00-ге дейін болатын.

Күн тәртібіндегі 1 сұрақ бойынша AstanaHub E-lab модулі арқылы “Salus PRO” жаңа буындағы секвенирлеу әдісімен нуклеин қышқылдарын секвенаторын сатып алу бойынша, төмендегі кестеге сай ұсыныстар келіп түсті (кесте 1).

Кесте 1 - “Salus PRO” жаңа буындағы секвенирлеу әдісімен нуклеин қышқылдарын секвенаторын сатып алу бойынша келген бағалық ұсыныстар

№	Мүмкін тауар жеткізушісі	Электронды почтасы	Бағасы, теңге
1	ЖШС ЦалмаLTD	<a href="mailto:maxat@zalma.org">maxat@zalma.org</a>	54 367 040,00
2	ЖШС ЦалмаLTD	<a href="mailto:goszacup@zalma.org">goszacup@zalma.org</a>	274 956 640,00
3	ЖШС BioChemium	<a href="mailto:biochemium@mail.ru">biochemium@mail.ru</a>	311 437 280,00
4	ЖШС K&K дизайн	<a href="mailto:kndkdesign@va.ru">kndkdesign@va.ru</a>	296 058 350,00
5	ЖШС ALFocom	<a href="mailto:Astana-hub.noreply@notificotions.com">Astana-hub.noreply@notificotions.com</a> Astanahub.com	383 700 000,00
6	ЖШС «Kintech Pharm»	<a href="mailto:Astana-hub.noreply@notificotions.com">Astana-hub.noreply@notificotions.com</a> Astanahub.com	383 810 356,00
7	ЖШС EURACOM	<a href="mailto:Astana-hub.noreply@notificotions.com">Astana-hub.noreply@notificotions.com</a> Astanahub.com	428 423 419,00

Salus Pro секвенаторына қатысты баға ұсыныстарын қарау барысында ТОО «Цалма LTD» ұсынған жабдықтың техникалық сипаттамалары мен көрсетілген үлгіге сәйкес еместігі анықталды. Сондай-ақ ТОО «Bio Chem» ұсынған секвенатор да сәйкес келмейтін басқа үлгі болып табылады. Ал техникалық сипаттамалары мен үлгісі талаптарға сәйкес келетін ұсыныстар «ALFocom», «Kintech» және «EURACOM» компанияларынан түсті. Дауыс беру нәтижесінде, әрине, ең төмен баға ұсынысы таңдап алынды. AstanaHub E-lab модулінде Salus Pro секвенаторы табылған жоқ. Бағалық ұсынысқа сәйкес құралды жеткізу, орнату, іске-қосу және оқыту қарастырылған. Аталған құрылғы бағдарламаның мақсатымен міндеттерін шешуге қажет.

Бағалық ұсыныстардың ең құны азы ЖШС «ALFocom» бағалық ұсынысын бекітуге ұсынылды.

Бұл шешімге дауыс берілді:

Қаулы етті - 6 дауыс

Қарсы - 0 дауыс.

Қалыс - 0 дауыс.

Қаулы: BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша ЖШС «ALFocom» бағалық ұсынысы бекітілсін.

Күн тәртібіндегі 2 сұрақ бойынша AstanaHub E-lab модулі арқылы топырақтағы портативті CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O газ анализаторын сатып алу бойынша, төмендегі кестеге сай ұсыныстар келіп түсті (кесте 2).

Кесте 2 - AstanaHub E-lab модулі арқылы топырақтағы портативті CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O газ анализаторын сатып алу бойынша келген бағалық ұсыныстар

№	Мүмкін тауар жеткізушісі	Электронды почтасы	Бағасы, теңге
1	ЖШС «Лабор-Фарма»	<a href="mailto:Gura_ilona@mail.ru">Gura_ilona@mail.ru</a>	62 957 280,00
2	ЖШС «Elementum»	<a href="mailto:Kiro@elementum.kz">Kiro@elementum.kz</a>	62 957 281,00
3	ЖШС «Smarttwobas»	<a href="mailto:smarttwobus@gmail.com">smarttwobus@gmail.com</a>	62 957 281,00
4	ЖШС «Elips-Lab»	<a href="mailto:iabulkassimov@elips.kz">iabulkassimov@elips.kz</a>	58 990 900,00
5	ЖШС «Ecobiotech»	<a href="mailto:Sales@ecobiotech.kz">Sales@ecobiotech.kz</a>	62 957 000,00
6	ЖШС «Communication»	<a href="mailto:info@comms.kz">info@comms.kz</a>	57 987 000,00

Түскен баға ұсыныстарын қарау нәтижесінде төмендегідей анықталды. Өздерінің ұсыныстарын келесі компаниялар ұсынды: «Лабор-Фарма» ЖШС – 62 957 280 теңге, «Ecobiotech» ЖШС – 62 957 000 теңге, «Elips-Lab» ЖШС – 58 990 900 теңге, «Smarttwobas» ЖШС – 62 957 281 теңге, «Elementum» ЖШС – 62 957 281 теңге және «Communication» ЖШС – 57 987 000 теңге.

AstanaHub E-lab модулінде топырақтағы портативті CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O газ анализаторы табылған жоқ. Бағалық ұсынысқа сәйкес құралды жеткізу, орнату, іске-қосу және оқыту қарастырылған.

Қарау қорытындысы бойынша ең төмен бағаны «Communication» ЖШС ұсынғаны анықталды, сонымен қатар жабдықтың техникалық сипаттамалары талаптарға толық сәйкес келеді.

Бағалық ұсыныстардың ең құны азы ЖШС «Communication» бағалық ұсынысын бекітуге ұсынылды.

Бұл шешімге дауыс берілді:

Қаулы етті - 6 дауыс

Қарсы - 0 дауыс.

Қалыс - 0 дауыс.

Қаулы: BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы бойынша топырақтағы портативті CO<sub>2</sub>/H<sub>2</sub>O газ анализаторын сатып алуға ЖШС «Communication» бағалық ұсынысы бекітілсін.

Комиссия төрағасы:



К.М. Ахмеденов

Отырыс хатшысы:




А.Б. Охас

Комиссия мүшелері:




М.Г. Какишев



У.Г. Бактыгереева



Н.Е. Жангереева



А.С. Мухсинов



Т.Е. Дарбаева